



1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 60 жылдығы құрметіне арналған мерекелік медаль туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 14 қыркүйектегі N 1439 Жарлығы.

"Актілер жинағында",
республикалық және жергілікті
баспасөзде жариялануға тиіс

1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 60 жылдығы құрметіне, соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлерінің ерлігін, қаһармандығы мен қайсарлығын терең құрмет тұта отырып,

Қаулы етемін:

1. "1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 60 жыл" мерекелік медалі тағайындалсын.

2. Қоса беріліп отырған:

1) "1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 60 жыл" мерекелік медалі туралы ереже;

2) "1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 60 жыл" мерекелік медалінің сипаттамасы бекітілсін.

3. "1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 60 жыл" мерекелік медалімен Ұлы Отан соғысының ардагерлері, тыл еңбеккерлері және осы медаль туралы ережеге сәйкес өзге де адамдар наградталсын.

4. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2004 жылғы 14 қыркүйектегі
N 1439 Жарлығымен
Бекітілген

"1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 60 жыл" мерекелік медалі туралы ереже

1. "1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 60 жыл" мерекелік медалімен (бұдан әрі - мерекелік медаль):

Ұлы Отан соғысы майдандарында КСРО Қарулы Күштері қатарында ұрыс қимылдарына қатысқан әскери қызметшілер мен ерікті құрамдағы адамдар, Ұлы Отан соғысы кезінде уақытша басып алынған КСРО аумақтарында іс-қимыл жүргізген партизандар мен астыртын ұйымдар мүшелері, Ұлы Отан соғысы кезінде КСРО Қарулы Күштерінде қызмет еткен әскери қызметшілер мен ерікті құрамдағы адамдар, "1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін", "Жапонияны жеңгені үшін" медальдарымен наградталған адамдар, сондай-ақ "1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін" медалінің куәлігі не соғысқа қатысушының куәлігі бар адамдар;

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жанқиярлық еңбегі үшін КСРО ордендерімен, "1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін", "Еңбектегі ерлігі үшін", "Еңбекте үздік шыққаны үшін", "Ленинградты қорғағаны үшін", "Москваны қорғағаны үшін", "Одессаны қорғағаны үшін", "Севастопольды қорғағаны үшін", "Сталинградты қорғағаны үшін", "Киевті қорғағаны үшін", "Кавказды қорғағаны үшін", "Кеңестік Заполярьені қорғағаны үшін" медальдарымен наградталған тыл еңбеккерлері, сондай-ақ "Құрсаудағы Ленинград тұрғынына" белгісі не "1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін" медалінің куәлігі бар адамдар;

уақытша дұшпан басып алған аумақтарда жұмыс істеген кезеңді қоспағанда, 1941 жылғы 22 маусымнан 1945 жылғы 9 мамырды қоса алған кезеңде кемінде алты ай жұмыс істеген адамдар;

концлагерлердің, геттолардың және екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде фашистер мен олардың одақтастары құрған басқа да еріксіз ұстау орындарының бұрынғы кәмелетке толмаған тұтқындары наградталады.

2. Мерекелік медальмен наградталатын азаматтардың тізімін жасау және бекіту мынадай тәртіппен жүргізіледі:

№ 1 нысан бойынша (қоса беріліп отыр) осы ереженің 1-тармағында аталғандар ішінен мына азаматтарға:

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Ішкі істер министрлігінің, Қорғаныс министрлігінің, Республикалық ұланның, Президенттің Күзет қызметінің орталық аппараттары осы органдарда есепте тұратын адамдарға;

жергілікті атқарушы органдар - адамдарға тұрғылықты жері бойынша тізім жасайды.

Тізімдерді жасауға жауапты лауазымды адамдар оларға қол қояды және орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар басшылары бекітеді.

Тізімдердің дұрыс жасалуы үшін жауаптылық осы органдар басшыларына жүктеледі.

3. "1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 60 жыл" мерекелік медалін тапсыру Қазақстан Республикасы Президентінің атынан және оның тапсырмасы

бойынша жүргізіледі. Медаль, әдетте, наградталушының тізімге енгізілген жері бойынша тапсырылады.

Наградталған адамға медальмен қоса белгіленген үлгідегі куәлік табыс етіледі.

4. "1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 60 жыл" мерекелік медалі сол жақ омырауға тағылады және "1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 50 жыл" медалінен кейін орналасады.

5. Мерекелік медальдің табыс етілгендігі жөнінде наградау тізіміне тиісті жазу жазылады.

Табыс етілмеген медальдар мен олардың куәліктері қайтарылу себептері көрсетіле отырып, Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының Орден қоймасына қайтарылады, бұл жөнінде тізімдерде тиісті белгі қойылады.

Мерекелік медальдарды тапсыру аяқталғаннан кейін наградталғандар тізімдері белгіленген тәртіппен тұрақты сақталуға тиіс.

Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар мерекелік медальдің табыс етілгендігі туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасына 2005 жылдың 1 шілдесіне N 2 нысан бойынша (қоса беріліп отыр) жібереді.

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2004 жылғы 14 қыркүйектегі
N 1439 Жарлығымен
Бекітілген

"1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 60 жыл" мерекелік медалінің сипаттамасы

"1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 60 жыл" мерекелік медалі жезден дайындалады, диаметрі 32 мм шеңбер нысанында болады. Медальдің бет жағында, жоғарыда "Жеңіс" орденінің бейнесі, төменде - "1945-2005" цифрлары орналасқан.

Медальдің сырт жағында, ортада "1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 60 жыл" деген жазу, айнала лавр бұтақтары орналасқан. Медаль шеттері ернеумен жиектелген. Медальдағы барлық бейнелер, жазулар мен цифрлар бедерлі.

Медаль құлақша мен шығыршық арқылы қызыл түсті қатқыл жібек лентамен тысталған бес бұрышты тағанға жалғанады. Лентаның ені 24 мм. Лентаның шеттерін бойлай үш қара және екі қызғылт сары түсті, әрқайсысының ені 1 мм. бес жолақ жүргізілген. Шеткі қара жолақтары ені 0,5 мм. қызғылт сары жолақтармен жиектелген.

Медаль киімге түйреуіш арқылы бекітіледі.

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2004 жылғы 14 қыркүйектегі
N 1439 Жарлығымен бекітілген
"1941-1945 жж. Ұлы Отан

соғысындағы Жеңіске
60 жыл" мерекелік медалі
туралы ережеге
Қосымша
N 1 нысан
Бекітемін

(мемлекеттік органның
басшысы, қолы, мөрі)

**"1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске
60 жыл" мерекелік медалімен наградтау үшін**
_____ бойынша

(мемлекеттік органның атауы)
Тізімі

N | Аты-жөні | Үйінің | Тізімге енгізу | Медальді тапсыру
р/с | мекенжайы | үшін негіз | датасы

1 2 3 4 5

Тізімнің жасалуына жауапты
адамның аты-жөні, лауазымы
(қолы)

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2004 жылғы 14 қыркүйектегі
N 1439 Жарлығымен бекітілген
"1941-1945 жж. Ұлы Отан
соғысындағы Жеңіске
60 жыл" мерекелік медалі
туралы ережеге
Қосымша
N 2 нысан

**"1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы
Жеңіске 60 жыл" мерекелік медальдарының
тапсырылғандығы туралы**

_____ бойынша

(мемлекеттік органның атауы)
Есебі

Наградтау тізіміне | Табыс етілген медальдар |Қайтарылғаны|Қалғаны
енгізілгендердің |мен олардың куәліктерінің| |
барлығы | барлығы | |

1 2 3 4

Мемлекеттік органның басшысы
(қолы, мөрі)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ